

2017 жылы өткізілетін бірыңғай мемлекеттік сатып алулардың кейбір мәселелері туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 140 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 наурызда № 5754 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тапсырыс берушілер үшін "Жаңақорған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып айқындалсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер айқындалсын.

3. "Жаңақорған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Ғ. Әміреев

Жаңақорған ауданы әкімдігінің

2017 жылғы 06 ақпандағы

№140 қаулысына қосымша

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер

| № | Атауы |
|---|-----------|
| | Тауарлар: |
| | |

| | |
|----|--|
| 1. | ұйымдастыру техникасын сатып алу (оларды сатып алуға бөлінген сомада тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген төрт мыңнан он мыңға дейінгі еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде болған жағдайда) |
| | Жұмыстар: |
| 2. | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылысы |
| | Көрсетілетін қызметтер: |
| 3. | лицензияланған бағдарламалық өнімді техникалық қолдау (оларды сатып алуға бөлінген сомада тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген төрт мыңнан он мыңға дейінгі еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде болған жағдайда) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК